

ӘОЖ 82.09

**КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ (Ж.
АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚЫЛЕК» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Базарбаева Айгерім Нұрланқызы

aigerim.kerimai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2 курс магистранты, Нұр-
Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М. Кызырова

Шын мәнінде, аудармаға әдеби деңгейден қарайтын зерттеушілер тілдік құбылыстарға соқпай, тілдік тұрғыдан зерттейтіндер көркем шығарма аудармасына байланысты келгенде әдебиет санаттарына соқпай өте алмайды. Өйткені әдебиет дегеніміздің өзі – сөз өнері, тілдің эстетикалық қызметі. «Тіл – әдебиеттің бірінші элементі» (М. Горький). Оның үстіне, қазіргі

дүниежүзілік лингвистика деңгейі жеке сөз, сөйлем шегінен шығып тұтас текстті талдау дәрежесіне көтерілді. Тілге қатысты, бірақ тілден тыс құбылыстар (экстралингвистикалық факторлар) да тілтанушылар назарынан тыс қалмайды. Ал әр тілдегі көркем ойды беру ерекшелігі салыстырмалы стилистикада қарастырылатыны белгілі.

Жалпы «аударма» - көпмағыналы сөз. Ол, біріншіден, бір тілді екінші бір тілде сөйлету үдерісін білдірсе, екіншіден, осы тілде айтылғанның/жазылғанның келесі тілге қалай жеткенін, яғни іс-әрекеттің нәтижесін, өнімін білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде аударманың аталмыш бұл екі сипатын бөліп қарау бар.

А.В. Федоров аударманы түпнұсқасымен қатысты, екі тіл ерекшеліктерімен байланысты, материалдың жанрлық ерекшелігіне байланысты тілдік шығарма ретінде зерттейді [1, 24-25 б.].

Аудармаға байланысты басты екі жайт бар:

1. аударманың мақсаты – бастапқы түпнұсқа тілін білмейтін оқырманды/тыңдарманды өзге тілдегі мәтінмен мүмкіндігінше таныстыру;

2. аударма дегеннің өзі – басқа тілдің құралдарымен бейнелегенді екінші бір тілдің құралдарымен толық та нақты, нық шынайы, сенімді бейнелеу.

Аударма мынадай тұстарда қолданылады екен:

1. диалектіден оның әдеби тіліне;

2. әдеби тілден оның диалектісіне (негізінен, жазбаша түрде емес, ауызша түрде болатын үдеріс);

3. бір диалектіден екінші бір әдеби тілге (керісінше болуы мүмкін емес, яғни бір әдеби тілден екінші бір тілдің диалектісіне аудару қажетті жұмыс емес);

4. бір тілден екінші тілге;

5. туыстас тілдер арасында;

6. тегі бөлек тілдердің арасында;

7. көне дәуір тілінен жаңа дәуір тіліне аударудың адамзат мәдениеті, қоғам дамуы үшін маңызы зор (Осы тұста көне түркі жазба жадыгерлері мен қыпшақ дәуірінің жазба жадыгерлерін, аударып жүрген ғалымдардың ұлтымыздың тарихы үшін сіңірген еңбектерінің айрықша екенін атап кету артық емес).

Аударма да, тіл сияқты, «адамдар қарым-қатынасының аса маңызды құралы». Осы маңыздылығына байланысты түпнұсқадағы ойды басқа тілде толыққанды, айқын жеткізу қажеттігі туады, аударма тілдің түпнұсқа тілінің қалыптарына сәйкестенуі, ыңғайлануы келіп шығады. Бұл – аударманың түсінікті болуының негізгі шарты.

Аударма мазмұны сол мәтіннің түпнұсқасымен тікелей байланысты болады. Мәселен, түпнұсқа тілін түсінетін адам сол тілді өз тілімен байланыстырып отырады, өзінше ойша аударды. Мұны әлеуметтік лингвистикада қатыстық қостілділік деп атайды. Кәсіби, шебер аудармашының басқа тілді меңгеруі өзгеше болады. Ол екі тілге кезек-кезек ауысып отырады. Мұны әлеуметтік тіл білімінде жарыспалы қостілділік деп атайды [2, 10-11 б.].

Аудару үдерісі қанша тез басталып, тез аяқталса да екі кезеңге бөлінеді:

1. түпнұсқаны түсіну, анықтау, тілдік образдар арқылы өзі-өзіне түсіндіріп алу, ойша талдау, сыни көзбен бағалау;

2. мұнан соң аудару үшін аудармақшы тілде бар, сәйкес келетін бейнелеу құралдарын (сөз, сөз тіркесі, сөз тұлғалары, грамматикалық формалар т.с.с.) таңдау, табу. Осылайша түпнұсқа тілі мен аударма тілдің арақатысы саналы түрде байыпталып анықталады. Бұл – бір тілден екінші тілге тәржімалаудың алғышарты.

Сөз жетегінде емес, саналы түрде жұмыс істейтін аудармашы тілдік құралдарды таңдап алуға мүдделі болады. Аудармашының міндеті – түпнұсқаны объективті түрде туындату, түпнұсқаны шынайы түсіндіруге қажетті құралдарды таңдап, тауып алу.

Аудару үстінде түпнұсқада берілген ойды дәл жеткізу үшін тілдік құралдардың түр-түрін іздеуге, таңдап, табуға тура келеді. Бұл – аударманың шығармашылық сипаты бар еңбек екенін көрсетеді. Шығармашылдық сипат көркем аудармаға ғана тән емес, сол сияқты аударма қоғамдық-саяси, публицистикалық, ғылыми шығармаларда да, тіпті, қарапайым

құжаттың өзіне де, ауызекі сөйлеуде де шеберлікті қажет етеді. Осы көркем аудармадағы фразеологизмдердің қолданылуы ерекшелігіне тоқталатын болсақ.

Фразеологизмдерді зерттеушілердің қай-қайсысы болсын оларды басқа тілге жеткізудің филология ғылымында үлкен мәселе екеніне тоқталып отырады. Себебі қай тілдің фразеологиялық бірлігін алсақ та, олардың сол ұлтқа тән образдық ерекшелігі, тарихи қалыптасуы болатындықтан, келесі тілге соның өңін өзгертпей, ұлттық бояуын, эмоциялық-экспрессивтік сипатын аудармашыдан үлкен біліктілікті қажет етеді. Сондықтан да фразеологиялық бірліктердің аударылуын сөз етпес бұрын аудармашыға сөзінің тілдік табиғатын түсініп алу қажет болады [3, 41-42 б.].

Фразеологизмдердің образдылық қасиеті, экспрессивті-эмоционалдық бояуы, құрастырушы сыңарларының бірлігі контекст арқылы айқындалып отырады, сондықтан бұларды мәнмәтін аясында қарастырған жөн. Ал аудармада контекстің қызметі өлшеусіз екені өзінен өзі мәлім. Бұған қоса фразеологизмдердің стильдік жіктердегі рөлі, жеке автордың стилін анықтаудағы рөлі ерекше.

Көркем шығармада болсын, саяси, публицистикалық шығармада болсын фразеологизмдер жиі қолданылып, оларда айтылған ойдың ұтымдылығын, ұшқырлығын арттырып отырады. Демек, бұл бірліктер тілдегі лексикалық бірліктер сияқты мағына жағынан түрленіп, белгілі бір стильдік қолданысқа сай пайдаланылып отырады.

Мысал ретінде Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы фразеологизмдердің аударылу ерекшеліктеріне тоқталсақ:

Орыстардың дыбысы өшкенше: "Құтқарғаның шын ба, жасаған?" дегендей, арттарынан топырақ шашып, қарасы өшкен соң: "Уh!" деп демін бір алып, төңірегіне *көз салды* [4, 105 б.].

Until the last sound of riders moving away was heard she couldn't believe: "The Creator, have You saved me?" It went quiet. And she threw a handful of sand after them – like buried, sighed with relief and finally *looked* around.

Ақбілек жаңа шешесіне *көз қырын салды* [4, 219 б.].

Akbilek *squinted* eyes at her new mother.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға *тіл жетпейді* [4, 72 б.].

Мәнмәтінге сәйкес мағынасына қарай фразеологизмдердің қолданылу аясы, реті орынды. Аудармаға келетін болсақ, қай тілде болсын фразеологиялық тізбектер мен сөйлемшелер метафоралық жолмен жасалатыны белгілі. Мұндай тізбектерде әр компоненттің мағынасын аударылатын тілде жеткізе білу маңызды. Сол себепті романдағы тіркестердің ағылшын тіліне аударылғанда мағынасы сақталғанына көз жеткізуге болады.

Oh, if you ever dare to describe Altai beautiful women – all Altai gods will *lack the words*.

Тоқал бұл күнде әкейдің *мойнына мініп алды* [4, 77 б.].

Since that time she *has been an albatross around his neck*.

Аударма зерттеушісі Ө. Айтбаев: «... фразеологизмдерді екі топқа бөліп қарап, олардың аудармасын соған орай тексеру қажет. Біріншіден, мағынасы жағынан жеке сөздер мен сөз тіркесіне бара-бар фразеологизмдер. Бұларға жататындар – идиомалар. Екіншіден, синтаксистік құрамы бір тұтас, тиянақты аяқталған ойды білдіретін фразеологизмдер. Яғни мақал-мәтелдер және басқа түрлері. Бұлай бөліп қарауда мән бар. Зерттеу нәтижесін байқататындай, фразеологизмдердің бұл екі түрінің аударылғыштық сипаты осылай бөлек қарауды талап етеді» - дейді [3, 59 б.]. Сол сияқты Р. Сәрсенбаев аталмыш мақаласында фразеологиялық бірліктерді табиғаты жағынан әр түрлі екенін ескере отырып, аударуда стильдік қызметін сақтау мақсатымен фразеологизмдерді екі топқа бөліп қарауды ұсынады. 1. Идиомаларды аудару; 2. Тұрақты метафоралық тізбектер мен мақал-мәтелдердің аударылуы [2, 43 б.].

Фразеологияны зерттеушілердің пікірінше, идиомалардың басқа фразеологиялық бірліктерден айырмашылығы – олардың бір тілдегі бояуы, мағынасы келесі тілге жетпейтіндігі, яғни басқа тілге аударылмайтындығы немесе дәлме-дәл аударылмайтындығы. Ғалымдардың бұлай айтуына себеп – идиомаларды құрастырушы сыңарлардың өзінің тиесілі

мағынасынан айрылып, идиоманы тұтас алғанда номинативтік іспеттес, сөз сияқты бір ғана мағынаға ие болатыны. Осы тұрғыдан алғанда идиомалардың компоненттерін бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді. Бір тілдегі идиомалық тіркестің орныққан мағынасын келесі тілдің фразеологизмдерінен я сөздік құрамынан түпнұсқадағы тіркеске балама ретінде ұғымы, мағынасы жағынан жуық келетін бірліктерді таңдап алуға тура келеді. Өйткені бір тілдің идиомасына аударма тілден қолданылу аясы, мағынасы жағынан үйлесе келетін идиомаларды табуға болады.

Тіл-тілдегі идиомалардың бәрі де құрастырушы сыңарлардың жеке-жеке алғандағы мағынасынан тыс тұтас мағына беретін, жеке лексема тәріздес номинативтік мағынаға ие бірліктер екені белгілі. Оның үстіне идиомада ұлттық колориттің қалың болатыны тағы бар. Бұлар әуел баста шыққанда компоненттердің жеке-жеке ауыспалы мағынада жұмсалып, қазіргі күйде қалыптасып кеткен. Идиомаларда көнерген сөздердің, реалиялық сөздердің жиі кездесетінін байқауға болады. Осы тұрғыдан келгенде, идиомаларды басқа тілге дәлме-дәл жеткізудің мүмкіндігі азая түседі. Бұған қоса бір тілдің идиомасын басқа тілге тұрақты сөз тіркесі етіп аударудың мүмкіндігі шамалы.

Түйіндей келе, ұлттық бояуды айқындайтын фразеологизмдерді аударудағы басты мақсат – түпнұсқа мен аударманы мазмұн мен пішін жағынан барынша, бар мүмкіндігінше жуықтатып, аударма тілінде көркем-бейнелі етіп жеткізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – Москва: Высшая школа, 1983. –С122.
2. Жақыпов Ж.А. – Аударматануды аңдату: Оқулық. –Алматы:ТОО «Искандер Ко», 2005. – 142 бет.
3. Айтбаев Ө. – Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – А.: Ғылым, 2001. – Б. 234.
4. Аймауытов Ж. Ақбілек: роман / - Алматы: Паритет, 2003. - 240 бет.
5. <https://adebiportal.kz/en/translation/view/26>